

Тартысты дода

Ауданымыздың құрама командасы жеңімпаз

Меңдіқара ауданында асыл мұрамызға аса көңіл бөліп, ұлттық ойынымыздан бақтарын сынап, жеңістің төрінен көрініп жүрген спортшылар жетерлік.

Қыркүйек айының 16 мен 19 күні аралығында Меңдіқара ауданының мықты деген спортшылары тоғызқұмалақтан үлкен тартысқа түсіп, бақтарын сынады.

Салауатты өмір салтын ұстанып, тапқырлықпен жылдамдықты талап еткен ойында біздің ойыншылар жақсы деген нәтиже көрсетіп, жеңіс тұғырынан көрінді.

Қостанай қаласында өткен ересектер арасындағы Қостанай облысының Кубогіне өткен жарысқа 12 коман-

да қатысты. Соның ішінде Меңдіқара ауданының құрама командасынан Медет Бигазин, Ербосын Үмбетов, Алмат Жоломанов, Жансая Смаилова, Құралай Серікбаева және Арайлым Айсаева қатысты. Біздің ауданымыздың атынан қатысқан команда жалпы командалық есепте жақсы көрсеткішпен 1 орынға иелік етті.

- Тоғызқұмалақ ойыны аса табандылықпен жауапкершілікті талап етеді. Өз басым көнеден келе жатқан ұлттық ойынымызға жауапкершілікпен қараймын. Біздің жеңіске, жетістікке жетуіміз біздің тәлімгеріміздің арқасы деп білемін. Алдына келген әр спортшыға



тоғызқұмалақтың қырсырын үйретіп, бүгінде спортшыларының жеңісін тамашалауда.

Қостанай облысы Кубогіне өткен тоғызқұмалақтан жарысқа қатысу бізге бұйырған екен. 12 команданың арасында бізде болдық. Нәтиже жаман емес. Жеңістің тұғырынан көрініп, ауданымызға олжалы оралдық. Барша тілеулес, жанашыр болған жандарға және жарысқа қатысқан барша спортшыларға алғыс білдіріп, сәттілік тілеймін,-деді Ербосын Үмбетов.

Жекелей есепте өз тақталарында өнер көрсеткен Құралай Серікбаева, Жансая Сма-

илова, Алмат Жоломанов, Ербосын Үмбетов, Медет Бигазин сынды спортшылар Қостанай облысының чемпионы атанса, Арайлым Айсаева 3 орынды өз қанжығасына байлады.

Жеңімпаздар Алғыс хаттармен және медальдармен марапатталды.

Кіл мықты жастар ептіліктерін сыңға салған жарыста біздің спортшылар қызықты ойын өрнегін паш етіп, ауданымыздың мерейін үстем етті. Жеңістің тұғырынан көрінген спортшыларды құттықтай отырып, жеңісті күндеріңіз көп болсын деген тілегімізді білдіреміз.

Тұрсыннай
МУХТАРҚЫЗЫ